

Экс-президент Үкіметке ескерту жасады

Ғаламдық тоқыраудың салқыны соғып, табаны тайғанақтап тұрған қоғам дуалы ауыздан шыққан аталы сөзге айрандай ұйып, айызы қанса қане. Тыңдар құлаққа ой салар мәселе Мәжілісте айтылды. Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларына қолдау білдіре келіп, халық қалаулысы Кенжеғали Сағадиев білікті экономист маман ретінде мүлт кеткен тұстарымыз бен «әттеген-ай» дейтін өкінішті сәттер туралы шешіле баяндады. «Нұр Отан» халықтық демократиялық партиясы фракциясының жиынында сөз алған депутаттың толғамды пікірі еріксіз назар аударады. Кенжекең жиынға қатысқан Премьер-Министр Кәрім Мәсімов пен Ұлттық Банк төрағасы Григорий Марченкоға қаратып бүй деді:

- Өткен жылы дәл осы мінбеде тұрып, шағын және орта бизнес үшін пайыздық ставканы азайту жөнінде ұсыныс жасап едік. Бірақ, Үкімет оған көнбей, қарсы болып, ставка мөлшерін төмендетпеді. Сөйтіп шағын және орта бизнес нысандарының 60-70 пайызы жұмысын тоқтатып немесе басқа шаруамен айналысуға көшкенде ғана пайыздық ставканы 12,5 пайызға дейін төмендетуге мәжбүр болды. Бұл кеш қалу емес пе?

Рас, Үкіметтің девальвациялық шараларының бүгінгі қарқынын қолдаймын. Өйткені, қазіргі жағдай осылай істеуді талап етеді.

Ал девальвацияны біртіндеп жүргізуге уақытымыз болды ғой. 2007 жылдың тамызында теңге тұрақтылығын сақтау үшін екі ай ішінде 6,5 миллиард доллар жоғалтуға тура келді. Бұлай етпеген соң, өткен жылдың төртінші тоқсанында тақырға отыра бастаған кезден-ақ девальвация жасау керек еді. Мынадай жұртты есеңгіретерлік шараны міндетті түрде күту керек пе еді? Бұл да «ерте туып, кеш қалып» жүруіміздің белгісі. Тіпті, бұған дейін сабақ алатын жағдайлар болды ғой. 1998-1999 жылдары Ресейде дефолт орын алып, рубль бағамы күрт төмендеді. Ал біз теңгенің бағамын ұзақ уақыт ұстап тұруға тырыстық. Осындай саясаттың салдарынан сол жолы валюталық қорымыздан қыруар қаржы жоғалттық.

Меніңше, қазіргідей кешіктірілген шарамен айналысу жарамайды, өйткені, дағдарыс жағдайының ерекшелігі сонда, егер қажетті шара белгілі бір оқиғаның даму барысынан бір қадам ғана кешігетін болса, тиімділігі екі есе жоғалады. Екі қадам қалып қойса, бұл пайдасыз шара. Ал үш қадам қалу - зиянды. Осыны есте ұстаған жөн еді.

Енді қазіргі жағдайда не істеу керек? Ең алдымен орта және шағын бизнестің пайыздық ставкасын төмендетуге тағы бір амал жасаған жөн. Қазір шағын бизнестің айналымы және бұрынғыдай емес, әбден ыңыршағы шыға бастаған оған 112-15 пайыздық ставканың қажетті шамалы. Сондықтан ставка деңгейін 7-8 пайызға дейін төмендетсек, сол тиімді болады. Бұл толғағы жеткен проблеманы тез шешу керек. Қазір шағын және орта бизнестің 60-70 пайызы негізгі бағыттан ауытқып, күйбең тірлікке ауысты. Оны қайтпін көтереміз? Мұны былай қойғанда шағын және орта бизнесте

жұмысын бастағандарға ең болмаса бастапқы екі-үш жыл салық салмай, еркіндік беруді ұсынар едім.

Халқымыздың жартысы тіршілік-тағдырын шағын және орта бизнеспен байланыстырған. Қазақстанда 1,8 миллион кәсіпкер бар десек, әр отбасын 4-5 кісіден есептегенде олардың саны 7-7,5 миллион адамдай. Міне, осынша жұртқа өз істерімен емін-еркін айналысу үшін қолайлы жағдай жасау керек.

Сыртқы және ішкі нарық жағдайларын саралай қарасақ, биыл экономиканың көпшілік салаларына үміт арту қиын. Осындай жағдайда даму әлеуеті жоғары бірден-бір сала – ауыл шаруашылығы дер едім. Оған ауқымды қаржы бөлінді. Беделді шетелдік сарапшылар биыл күз айлары және келесі жыл Қазақстан үшін қолайлы, молшылық жылы болғалы тұр деп болжауда. Ал Ресей, Қытай және АҚШ сияқты алпауыт елдер мен өзге де бірқатар елдерде егін шығымдылығы төмендейді. Астық өнімдері азаяды. Қазақстан астығына сұраныс ұлғаяды. Сондықтанда ешқандай себеп-салдар жасамай көктемгі егіске тиянақты әзірленіп, науқанды жоғары деңгейде өткізіп, астық жинауға жан-жақты даярлануымыз қажет. Биыл мол астық алуға «ҚазАгро» холдингінің де, Ауыл шаруашылығы министрлігінің де, жалпы мемлекеттің де мүмкіндігі жетерлік.

Осыған байланысты тағы бір проблема бар. Ол- мал шаруашылығын барынша қолдау. Бүгінде ел қолдағы малынан айырыла бастады. Егер қазір мал басын азайтып жіберсек, оның орнын толтыруға 8-10 жылдай уақыт кетеді. Мәселенің төркіні мынада: мал азығының базасы жасалмаған, оған мемлекет тарапынан лайықты дотация бөлінбейді. Бұл әсіресе, қой шаруашылығына қатысты жағдай. Дәл осы дотация проблемасын шешуге мемлекетте ресурс жетерлік. Оны баяғыда шешу керек еді, бірақ мұндай қадамға барғымыз келмейді. Рас, жоғары технологиялы жобалар жасау керек. Десек те, пісіп жетілген бұл мәселе ауыл тұрғындарының әрқайсысына қатысты. Сондықтан қалайда оның шешімін табу керек.

Қаржы нарығын тұрақтандыру үшін акциялар жасаған дұрыс. Біз нарықты өзіміз берекесін алып жібердік, енді мемлекет тарапынан сенімді акциялар жасап тыныштандырғанмыз жөн.

Қазіргі таңда Қазақстан тұрғындарының жедел салымдарының 86 пайызы мемлекеттік кепілдікпен қамтамасыз етілмеген. Ал оның мөлшері - 1 триллион 300 миллиард доллар шамасында. Енді оны қалай пайдаланамыз? Салымшылар ақшаларын шетелдердегі есепшоттарына, үйдегі қоржындарына алып кетпей ме? Бұл туралы ойлану керек. Жинақтаушы зейнетақы қорларында жатқан қаржы - 1,5 триллион теңге, бұл да өлі ақша. Қайда жұмсарларын білмейді. Осы мәселелерді тез арада шешу қажет. Ол ешқандай кейінге қалдыруды көтермейді.

Депутат мемлекеттік деңгейде шешілетін әрі кезек күттірмейтін аса маңызды мәселелерді алға тартты. Өмір көрген, тәжірибелі маманның экономиканың қырсырын жетік білетіні көзге ұрып тұр. 1994 жылы республика Ғылым академиясының президенті болып сайланған Кенжесекеннің

экономикаға байланысты 180-дей ғылыми еңбегі, оның ішінде 10 монографиясы бар. Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болуы жолында ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі мен перспективалары, ел экономикасының тұрақты даму факторлары туралы ғылыми зерттеулер жасап жүрген академик ақсақалдың бұлтартпас дәлелдері сөз жоқ көздеген жерге дөп тиіп тұр.

Бірақ, айтылуы айтылды-ау, ары қарай осы құнды пікірді керек қылып, іліп әкететіндер табыла ма? Сенім жоқ. Былтыр экономист мамандардың басын қосып, «не істейміз?» деп ертерек атойлап атқа мініп, Үкіметтің мазасын алғанда, қаптаған проблеманың жолына біраз тосқауыл қойылар ма еді. Әлде, «ештен, кеш» жақсы ма?

«Нұр Астана» газетінің тілшісі
Ғазиз Құрмашұлымен сұхбат,
12 ақпан 2009ж.